

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
Университеті.


Жалпы және қолданбалы психология  
кафедрасы.



**Психология  
ғылымдарының  
докторы, профессор  
Токсанбаева Н.Қ.**



# Эксперименттік психологияның қалыптасуының алғышарттары



➤ *Эксперимент шындықты зерттеудегі «белсенді» әдіс болып табылады.*

➤ *Эксперимент – барлық шарттары мен заңдылықтары сақталған арнайы шарттарда эксперименттік болжамның себеп-салдарлық себептерін анықтау үшін қолданылатын әдіс. Зерттеуші эксперимент барысында зерттелуші объектінің жүріс-тұрысын бақылап, өзгерістерін өлшеп отырады.*

➤ *Эксперимент процесіне бақылау да өлшеу әдісі де еніп кетеді. Эксперимент кез келген ғылым саласындағы ең негізгі әдіс ретінде мойындалып отыр.*



**Психологиялық эксперимент –**  
зерттелушілердің психикалық  
ерекшеліктерін зерттеуге бағытталып,  
экспериментатормен  
ұйымдастырылатын - зерттелуші мен  
экспериментатордың ортақ бірлескен  
іс-әрекеті. Ортақ іс-әрекетті  
ұйымдастырушы және бағыттаушы  
процесс қарым-қатынас болып  
табылады.



*Психологиялық эксперименттің әлеуметтік - психологиялық аспектілерінің негізін салушы С. Розенцвейг болды. 1933 жылы ол осы мәселе аясында аналитикалық үлгіні жарыққа шығарды, онда эксперимент нәтижелерін тежейтін қарым-қатынастың негізгі факторларын көрсетті:*

- 1. «Бақыланушыға деген қатынас» қателігі.*
- 2. Зерттелушінің мотивациясымен байланысты қателіктер.*
- 3. Тұлғалық әсер ету қателігі, яғни зерттелуші экспериментатор тұлғасын қабылдамауымен байланысты.*

Зерттелушілердің экспериментте қатысуының өзі оларды әр түрлі жүріс-тұрыстық көріністердің туындауына себеп болады. Солардың ішінде ең белгілісі – *«плацебо эфффектісі»*, *«Хотторн эфффектісі»*, *«аудитория эфффектісі»*.

• **Плацебо эффе́ктісі** алғаш медиктермен анықталған: зерттелушілер препараттың немесе дәрігердің әрекеті олардың сауығуына әсер етіп жатыр деп қабылдағанда болады. Бұл эффе́кт сендіру немесе өз-өзін сендіру механизміне негізделеді.

• **Хотторн эффе́ктісі** алғаш фабрикада жүргізілген әлеуметтік-психологиялық эксперимент кезінде көрінді. Бұл эффе́ктіні зерттеу әдісін не үшін жүргізіп жатқанын жасырса және нұсқауды нақтылап түсіндірген кезде ғана әсері төмендейді. Егер де зерттеу кезінде зерттелушілерге экспериментті фабрика жұмысына байланысты жүргізіліп жатыр деп айтса, зерттелушілер оны өзіне қатысты деп санап, жүріс-тұрыстарын өзгертеді, шынайы емес әрекет басталады. Осы жағдайды Хотторн эффе́ктісі деп атайды.



**Әлеуметтік фасилитация эффектісі немесе аудитория эффектісі Г. Зайрнцен анықталған. Кез келген сыртқы адамның болуы соның ішінде экспериментатор және оның ассистенті зерттелушінің қандай да болсын жұмыс атқару кезінде жүріс-тұрысын өзгертеді. Бұл эффект Жарыс кезіндегі спортсмендерде анық көрінеді: ол дайындық кезіндегі және жарыс кезінде жұрттың алдындағы әрекетінің арасындағы айырмашылығында көрінеді. Зайонцтың байқауы бойынша көпшіліктің болуы зерттелушілерді қолайсыз жағдайда қалдырады, сондықтан олардың нәтижелері төмендейді.**



**Идеалды  
эксперимент және  
реалды эксперимент**



*«Идеалды эксперимент» ұғымын қолданысқа енгізген Г. Кэмпбелл. Идеалды эксперимент бұл экспериментатордың тек тәуелсіз айнымалыны өзгерте алуы, ал тәуелді айнымалы басқарылады. Эксперименттің басқа шарттары өзгеріссіз қалады.*

*Идеалды эксперимент реалды экспериментке қарама қайшы, яғни реалды экспериментте барлық шарттары және зерттеушіні қызықтыратын айнымалыларда өзгеріске ұшырайды. Идеалды эксперимент пен реалды эксперименттің сәйкес келуі – ішкі валидтілікті сипаттайды, нәтижелердің сенімділігі болады.*



Ішкі валидтілік экспериментатор жасайтын шарттарда тәуелді айнымалының өзгеруіне әсерін сипаттайды. Тәуелді айнымалының өзгеруіне әсер ететін шарттар көп болған сайын эксперименттің ішкі валидтілігі төмен болады.

«Валидтілік» ұғымына нақтырақ тоқталайық.

Келесі қарым-қатынас жүйесі қарасак:

«эксперимент – теория - шындық». Мұнда теория негізінде гипотеза шығарылып, соңында экспериментте тексеріледі. Эксперимент жоспары мен әдістері тексерілетін гипотезаға сәйкес келуі керек, осы сәйкестілік дәрежесін *операционалды валидтілік* сипаттайды.

*Эсперимент сыртқы шындықты жаңғырту керек. Сыртқы шындықты толықтай сәйкестендіріп, жаңғыртатын эксперимент – толық сәйкес келетін эксперимент (эксперимент полного соответствия) деп аталады. Әрине толықтай сәйкестілік үнемі мүмкін бола бермейді. Шындық пен эксперимент процедурасының сәйкес келу деңгейі – сыртқы валидтілік болып табылады.*



**Кэмпбелл** тағы бір маңызды ұғымды енгізген, ол эксперимент валидтілігін сипаттайтын – **конструктті валидтілік**. **Конструктті валидтілік** эксперименттегі әдістер интерпретациясының мәліметтердің теориясымен сәйкес келуін көрсетеді, жоғарыда айтылған жүйелік қатынас құрылымына тағы бір маңызды бөлік енгізіліп, өзгеріске ұшырайды: «теория – эксперимент – интерпретация – шындық (реальность)».



***Кэмбеллдің көзқарасы бойынша жақсы эксперимент:***

- **Берілген себеп – салдардың уақытша кезегін анықтау;**
- **Мүмкін болатын себептер мен эффектілер арасындағы байланысты көрсету;**
- **Қосымша әсер ететін айнымалыларды жою;**
- **Теориялық конструктілердегі альтернативті теорияларды жоққа шығару.**

# *Кэмбпелл ішкі валидтілікті бұзатын сегіз негізгі факторларды көрсетті:*

*Бірінші топ - таңдау факторлары:*

*Селекция – таңдалған топтың құрамы бойынша сәйкессіздігі, яғни ол нәтижеде жүйелік қателіктерді туғызуы мүмкін.*

*Статистикалық регрессия – селекциялық қателікке ұқсас, топтар «шеткі» нәтиже бойынша таңдалғанда болады.*

*Эксперименттік елеу (эксперимантальный отсев) – салыстырмалы топтарда топ мүшелерінің сәйкессіз шығарылуы, бұл екі топтың құрамында сәйкессіздікке әкеледі.*

*Табиғи даму – уақыт өте зерттелушілердің өзгеруі: жағдайының өзгеруі (қарны ашу, шаршау, ауру, т.б.), қасиетінің өзгеруі (жасының өзгеруі, тәжірибесінің көбеюі, т.б.)*



➤ **Екінші топ - қосымша айнымалылардың әсері нәтижесінде келесідей эффектiлер туындайды:**

➤ *«Тарихи» эффект* – тестiлеудiң басы мен соңындағы аралықта эксперименттік әсерден басқа әсер етуші жағдайлар.

➤ *Тестiлеу эффектiсi* – алдын ала жүргiзiлген тестiлеудiң соңғы нәтижеге әсерi.

➤ *Құралдық қателiк.*

➤ *Факторлардың өзара әсерi:* таңдау, табиғи даму, эксперименттің тарихы.





*Реалды эксперимент идеалды эксперименттен және өзі модельдейтін шындықтан ажыратылады.*

*Готтсданкердің пікірі бойынша сыртқы валидтілік толық сәйкес келетін экспериментке қарағанда реалды эксперимент арқылы алынатын нәтиженің сенімділігі жоғары. Сыртқы валидтілігі жоқ эксперимент дұрыс емес деп есептелінеді.*